

**Алюминий электр лизерлерін шегендеуге арналған табандық массаға қатысты  
Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу  
бажының ставкасын белгілеу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 45 шешімі  
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42  
және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті:**

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 3801 90 000 1 кодымен сыныпталатын алюминий электр  
лизерлерін шегендеуге арналған табандық массаға қатысты Еуразиялық экономикалық  
одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің  
2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу бажының ставкасы  
осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2022 жылғы 30 сәуірге дейінгі  
аралықта кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық  
экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша)  
61С ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"<sup>61С</sup>) Кедендік құнның 0 (нөл) пайызы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының  
ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 13 сәуірдегі №  
45 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 30.04.2022 дейінгі аралықта  
қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң  
күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*